

Жеткізілім және тиеу кезінде тауарлар мен өнімдердің сақталмауы мен жетіспеушілігіне байланысты дауларды шешу кезінде заңдарды қолдану тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1993 жылғы 23 желтоқсандағы N 4 Қаулысы (Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы, 1997 ж., 2 том, 72 бет). Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 3 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1992 жылы қаралған тауарлар мен өнімдер жетіспеушілігіне байланысты дауларды төрелік соттардың шешу тәжірибесінің қорытындысы, осы категориядағы істер негізінен дұрыс, қазіргі заңдарға сәйкес шешілетіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, соттардың дәлелдерді толық зерттемеу, тауарлардың сақталуын, қабылдауын және тиелуін, реттейтін құқылық нормалар мен заңдар тұрғысынан, оларды терең талдаудан өткізбеу жағдайлары орын алған.

Сот-төрелік тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатымен " Қазақстан Республикасы төрелік соты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының Пленумы

қаулы етеді:

Сот түсініктемесі ретінде түсіндірілсін:

1. Тауарлар мен өнімдердің жетіспеушілігіне байланысты дауларды қараған кезде төрелік соттар Қазақ ССР азаматтық кодексін, республикалар мен ССР Одағының азаматтық заңдар негіздерін, Тауарлар мен өнімдерді саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқауды, импорттық тауарларды саны мен сапасы бойынша қабылдаудың тәртібі мен мерзімдері туралы Нұсқауды, жариялау актілерін құрастыру мен бағыттау, стандарттарда, басқа нормативтік-техникалық құжаттарда көрсетілген талаптарды, өнімдер жеткізілімі туралы Ережені, Көлік жарғылары мен кодекстерін, жүк тасымалдау Ережелері мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін басшылыққа алуы тиіс.

Азаматтық кодекс нормалары мен азаматтық заңдар Негіздері 1990 жылғы қаңтардың 1-нен кейін қабылданған Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылуы мүмкіндігін ескерту қажет.

Тасымалдау кезіндегі тауардың жетіспеушілігіне байланысты жауапкершілік туралы нормалар Қазақ ССР АҚ 386-бабы мен Негіздердің 104-бабында көрсетілген. Басқа жағдайларда тауарлардың жоғалуы немесе жетіспеушілігіне байланысты Қазақ ССР АҚ 205-бабы мен негіздердің 70-бабының негізінде жауапкершілікте болады.

2. Тауарлардың жетіспеушілігіне байланысты дауларды шешу кезінде төрелік соттар ұсынылған дәлелдерді бағалап, жетіспеушілік пайда болған орын мен оның себептерін анықтап, екі жақтан барлық қажетті құжаттардың болуын, соның ішінде қызмет бабындағы тексеріс материалдарын талап етуі тиіс. Оны жүргізудің міндеттілігі алушы мен жіберушінің (жеткізілімшінің) тауарлар мен өнімдерді саны мен сапасы бойынша қабылдау реті туралы Нұсқауда тікелей көзделген.

3. Ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар өнімдер қабылдау, тасымалдау және тиеудің қазіргі бар ережелерін сақтауға ерекше көңіл бөлуі керек. Өнімдердің жетіспеушілігі пайда болған орын мен оның себебін анықтау үшін маңызды мәні бар жағдайларды ұқыпты талдап және оған кінәлі адамдарды анықтап, соның ішінде:

а) жіберушілердің (жеткізілімшілердің) жүк тасымалдау Ережелерінде көзделген тиелетін өнімнің сақталуын қамтамасыз ететін шаралардың, ыдыстың жетіспеушілігі туралы көлік құжаттарды белгі болып, (спецификацияларының, фактураларының, таңбаларының, байлам карталарының және т.б.) жолдама құжаттары дұрыс толтырылып және олардың стандарттарға, техникалық талаптарға сәйкестігі сақталуы;

б) жүкті көлік органдарына тапсырған кезде жіберушінің (жеткізілімшінің) жүк салмағын анықтау тәсілі, кімнің өлшемімен және пломбасымен (көлік органының немесе жіберушінің) жіберілгендігі және вагондар (контейнерлер) мен басқа тасымалдау құралдары кімнің пломбасымен келгендігі, жүктің қандай тасымалдау құралдарында (пломбыланған немесе пломбыланбаған) жеткені және оны жіберушінің немесе алушының жолсерігі оны алып жүрген-жүрмегені; көлік құжаттарының дұрыс толтырылуы;

в) жүкті шамадан тыс тиеу немесе жүк жолда ауытқыған кезде жүкті тасымалдау, жүктің жолда болу уақытысы мен оның келу мерзімі, Ережелерді сақтау;

г) жүк алушыға қашан және қайдан (көлік құралдарынан ба әлде көлік органы қоймасынан ба) жіберілгені; көлік орындары жүкті жіберген кезде салмағын, орын санын тексергендігі. Егер жүк осындай тексерілуден өтпей берілсе, онда

тиісті көлік жарғылары мен кодекстерінде көзделген тіркеме қағазында коммерциялық акт жасалғандығы, актіде барлық қажетті мәліметтердің бар болуы;

д) қабылдап алу кезінде жүк қабылдаушы өнімді сапасы бойынша қабылдау ережелерін сақтауы. Жүк қашан және қандай жолмен қабылдаушы қоймасына жеткізілгені, жетіспеушілік туралы актіні қашан және кім жасағаны, актіде барлық қажет реквизиттердің (жүктің жіберілу және келу мерзімі, пломбасының жағдайы мен ондағы таңба сипаттамасы, ыдыс пен ораудың жағдайы және басқалары) көрсетілуі тиіс.

Егер іс материалдарын тексеру нәтижесінде өнімді тиеу, тасымалдау және қабылдау ережелері бұзылғандығы анықталса, қайда және кімнің кінәсінен өнім жетіспеушілігі болғандығын анықтау мүмкін болмаса, ереже бұзушылыққа жол берген жақтың өнім жетіспеушілігіне байланысты жауапкершілікті екінші жаққа жүктеу туралы талабы қанағаттандырылмайды.

Жүкті алу кезінде КСРО-ның темір жол Жарғысының 65, 67-баптары бойынша жүк алушы көлік органдарынан тіркеме қағазының 6-графасына жүкті беру тәртібі туралы белгі қойылуын талап етуі міндетті. Тіркеме қағазында көлік органдарынан жүк қандай жағдайда алынғаны туралы белгі болмаса жетіспеушілік үшін жауапкершілікті жіберушіге (жеткізілімшіге) жүктеуге негіз жоқ, өйткені жетіспеушілік ұқыпсыз тасымалдау салдарынан болуы мүмкін. Бұған жүк алушы жауапкершілікті бүтін ыдыс орыны ішінен анықтаған жағдай ғана қосылмауы мүмкін.

4. Егер стандарттарда, техникалық талаптарда немесе басқа міндетті ережелерде, шарттарда басқа тауарлар мен өнімдерді саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқауда қарастырылған қабылдау тәртібі барлық басқа жағдайларда да қолданылады.

Егер шартпен немесе мемлекетаралық келісімдермен басқаша көзделмеген болса, импорт тауарларын қабылдау, соның ішінде ТМД елдерінен келгендерінде де "Импорт тауарларын саны мен сапасы бойынша қабылдау мерзімі мен реті, жарнамалық актілерін құрастыру мен жіберу тәртібі туралы" Нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

5. Стандартты салмақпен оралған жарманы, ұнды, қантты және басқа да тауарларды тасымалдау кезінде түпкілікті алушы өз қоймасында, іс жүзіндегі және нормативтік ылғалдылығын анықтауды ескере отырып, тауарлардың нақты салмағының стандарттарда, техникалық талаптарда көрсетілген салмаққа сәйкестігін тексеруге құқы жоқ.

Мұндай тексеру жіберуші (жеткізілімші) өкілінің, Тауарлық сарап бюросы сарапшының немесе Мемстандарт органдары өкілінің қатысуымен ғана жүргізілуі мүмкін.

6. Тауарлар мен өнімдерді саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқауда қабылдау актісінде пломбылар мен ондағы таңбалардың жағдайы туралы мәліметтердің көрсетілуі керектігі айтылған. Қабылдау актілерін бағалаған кезде коммерциялық актінің "а" бөлігінде көзделген пломбылардағы таңбалар туралы сол мәліметтер көрсетілуі қажеттігі ескерілуі тиіс.

7. Көлік органдары көлік ережелеріне сәйкес алушыға жүктің салмағын, орын санын және оның жағдайын тексеріп жібергенде және осылай жіберу кезінде коммерциялық акт беруге негіз болатын жағдайлар анықтаған кезде жүктің жетіспеушілігін коммерциялық актілер куәландыра алады. Бұл орайда коммерциялық акт дәлелдердің бірі екендігін және істің өзге де жағдайларымен бірге бағалануға жататындығын ескеру керек.

Көлік органдары коммерциялық акт жасаудан орынсыз бас тартқан жағдайда алушы көліктегі қазіргі ережелерге сәйкес бұл бас тартуға шағым жасап, тауар қабылдауды өнімдер мен тауарларды саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқауда көзделген тәртіп бойынша өткізуге міндетті.

8. Егер жүк жетіспеушілігі коммерциялық актілермен куәлендіріліп және акт жасалған күні жүкті жіберген күніне сәйкес келмесе, төрелік сот жүкті жіберген нақты күнін анықтау үшін вагондарды беру және әкету ведомостін, қабылдап-өткізушінің жаднамасын, қайта өлшеу кітабынан көшірмені және темір жолда жасалған бастапқы құжаттарды сұратуы керек.

9. Коммерциялық актіде немесе сақталусыз тасымалдану туралы актіде өнімнің жетіспеушілік мөлшері нақты анықталған жағдайда, егер шартта басқаша көзделмеген болса, төрелік соттар жүк алушы қабылдау актіні тауарлар мен өнімдерді саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқауға сәйкес жасалмағандығы себепті жіберушіге (жеткізілімшіге) талап қоюдан бас тартуға құқы жоқ.

10. Тасымалдау кезінде белгіленген табиғи кему нормалары өнім қабылдау кезінде өнім салмағынан нақты жетіспеушілік анықталған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Есептелген өнімнің барлық салмағынан бүтін орындардың жетіспеушілігі мен жекелеген бүлінген орындардың жетіспеушілігін өнімнің табиғи кему нормасы есебінен өтеуге болмайтындығы төрелік соттардың есінде болуы тиіс.

Бүкіл өнімнің салмағын тексеру кезінде табиғи кему нормасы өнімнің бүлінген жерлерінің салмағынан бөлек шығарылуы тиіс.

Дәл өлшеу нормаларына табиғат кему енбейді, олар өнімнің жекелеген түрлері үшін белгіленген нормаларға сәйкес қолданылуы керек.

11. Жетіспеушілік дәл өлшеу нормаларынан жоғары болған жағдайларда (өнімнің осы түрі үшін табиғи кему нормалары жоқ болса), барлық жетіспеушілік, одан көрсетілген нормаларды алмай, белгіленген тәртіп бойынша қатталуы тиіс.

Егер өнімнің осы түрі үшін табиғи кему нормалары белгіленген болса, онда дәл өлшеу нормасынан асатын жетіспеушілік табиғи кему нормасы алынып тасталуы керек. Егер табиғи кему нормаларын алып тастағаннан кейін қалған жетіспеушілік, дәл өлшеу нормасынан аспаса, онда ол дәл өлшеу нормасы болып табылады.

Егер жетіспеушілік табиғи кему нормалары мен дәл өлшеу нормаларының жиынтығынан аспаса, онда жетіспеушіліктен табиғи кему нормасы ғана шығарылып тасталады.

12. Ыдыс салмағын іс жүзінде тексермей, жолдама немесе көлік құжаттарында көрсетілгендей, жалпы салмақтан таза салмақты алып тастау арқылы ыдыстың салмағын анықтауға, сондай-ақ жалпы салмақты іс жүзінде тексермей, жолдама немесе көлік құжаттарында көрсетілгендей, жалпы салмақтан таза салмақты алып тастау арқылы таза салмақты анықтауға болмайды.

13. Егер лайықсыз орауда немесе ыдыста жеткізу (тиеу) салдарынан өнімде жетіспеушілік пайда болса, осындай ереже бұзу себептерінен (тасымалдау кезінде тесілген, лайықсыз сападағы темір бөшкелерде ағатын өнімдердің тиелуі), келтірілген зиянның орнын толтыру туралы мәселе талапты қанағаттандыру кезінде шешіледі.

Жетіспеушілік бойынша дауларды шешу кезінде сондай-ақ жиынтықсыз өнім жеткізіліміне шек қойылуына назар аударылуы тиіс. Атап айтқанда, егер ТУ, ГОСТ-ар мен басқа құжаттарда өнімді құрайтын бөліктің нақты жиынтығы белгіленіп, сол тұтастықта оны шаруашылықтар пайдалануға мүмкіншілік болса, құрамды бөліктердің жетіспеуі жетіспеушілік емес, жиынтықсыздық болып табылады.

14. Тасымалдау кезінде өнімнің (тауарлардың) ағуын, сынуын, қирауын өндіріп алу туралы талап, егер оны жиынтықтау және орнына келтіру мүмкін болмай және ол толық жойылса, оған тасымалдаушының кінәсі болмаса, ол жетіспеушілікті төлету туралы дау ретінде қаралуы керек.

Басқа жағдайларда, егер ағу, сыну, қирау лайықсыз ыдыста немесе орауда өнімді жеткізу (тиеу) салдарынан болса, талап лайықсыз сападағы өнімді жеткізу (тиеу) шартынан шығады деп бағалануы керек. Қайтарылған ыдысты қабылдау осыған ұқсас жасалады.

15. Жетіспеушілік бойынша дауларды сапа бойынша даулардан айыру, талап мерзімінің ескіруі бөлігінде әр түрлі құқылық нәтижесі болатындығын, өйткені сапа бойынша талапқа алты айлық ескірген іс мерзімі қолданылатындығын төрелік соттар ескеруі тиіс.

16. Егер өнімді қабылдау кезінде топырақ қоқыс және басқа қоспалар стандарттарда белгіленген шектен артық болса, мұндай дауларды жетіспеушілікті төлету туралы талап ретінде бағалау керек.

Белгіленген нормативтерден жоғары ылғалдылықтағы өнімді жеткізуге байланысты талаптар осыған ұқсас бағалануы керек.

17. Темір жолмен тасымалдау кезінде, тез бұзылатын өнімдердің жетіспеушілігіне байланысты дауларды шешкен кезде төрелік соттар темір жолдың температура режимі мен жеткізу мерзімін сақтауын тексеруі тиіс, ал жеткізу мерзімінің өтуі немесе температура режимінің бұзылуы өнім жетіспеушілігінің пайда болуына қаншалықты дәрежеде әсер еткенін ескере отырып темір жолдың кінәсі анықталған жағдайда шешім шығаруы қажет.

Темір жол жеткізу мерзімін немесе температуралық режимді бұзған жағдайда алушы темір жол Жарғысы мен жүкті тасымалдау Ережесіне қарамастан жүкті алу кезінде оның салмағы мен жағдайын тексеруді талап етпеген кезде коммерциялық акті жасаудың осындай жағдайында төрелік соттар өнімінің жетіспеушілігіне байланысты даулар бойынша шешім шығарған кезде жетіспеушілік себебінен болған зиян, темір жолға жүктелуі мүмкін болғанда оны жіберушіге (жеткізілімшіге) жүктеуге болмайды.

Егер өнім жетіспеушілігіне (температуралық режим, жеткізу мерзімі бұзылуына байланысты) темір жол мен (өнімнің сортталмауына, оның лайықсыз оралуына байланысты және т.б.) жүк алушы кінәсі дәлелденсе, дау туралы шешім әрқайсысының кінә дәрежесі ескеріліп шығарылуы керек.

18. Таразылар орналасқан жер туралы мәлімет жоқ өнімнің жетіспеушілігі туралы актілерді бағалау кезінде, өнімді түсірген орнынан таразы қаншалықты қашықта болғанын және өнімді өлшеу орнына тасымалдау кезінде оның сақталуы қамтамасыз етілгенін төрелік соттар ерекше тексеруі тиіс.

Егер қабылдау актілерінде келіп түскен өнім өлшенген таразылардың таңбаланған күні түзулігі туралы мәлімет жоқ болса, төрелік сот таразы түзулігінің дәлелдерін талап етуі тиіс.

Өнім қабылдау актісінің өзіне келсек, оны істегі бар басқа құжаттар жиынтығымен бірге бағалау керек.

19. Егер жүк алушы қоймасына жеткізілу кезінде аралас тасымалдану (жүктің темір жол станциясынан алушыға дейін жөнелту шарты бойынша автокөлікпен жеткізілуі) орын алған болса, онда жетіспейтін жүк бағасын сот баратын станциядан алушы қоймасына дейін тасымалдың сақталуы қамтамасыз етілгендігін тексеріп, автотасымалдауға тауарлы-көліктік тіркеме қағазды, басқа да жүктің сақталу дәлелдерін талап етуі тиіс.

20. Ағаш өнімдерінің жетіспеушілігі туралы дауларды шешу кезінде төрелік соттар жүк жіберушінің көлік құжаттары мен спецификацияларының дұрыс толтырылуына ерекше назар аударуы тиіс.

Егер ағаш өнімдері жекелеп өлшенетін болса, ағаш өнімдерінің дара саны мен олардың көлемі туралы мәлімет спецификацияда болуы керек. Ағаш өнімдерін алушыға бергені туралы белгі жүкті беру ережелерінің 26-параграфына, Ережелердің 15-параграфына сәйкес болуы керек.

Ағаш өнімдерін саны бойынша қабылдау актілерінде ТУ, ГОСТ бойынша санын анықтау тәсілі мен тәртібін сақтауға сілтеме болуы осыған ұқсас жағдайларда жекелеп өлшеу ведомості мәліметтері, геометриялық өлшеу кезінде - тәртібі, өлшеу нәтижесі, аудару коэффициенттері көрсетілуі тиіс.

Өлшеу нәтижесін бақылау кезінде жіберуші мен алушы ең дұрыс жекелеп өлшеу екендігін ескергені жөн.

21. Осы категориядағы дауларды шешу кезінде төрелік соттар жеке бастың ұйғарым шығаруы жолымен істерді қарау үшін кәсіпорындарға баруды, келтірілген зиянға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тартуды, қажет жағдайларда прокуратура органдарына тиісті хабарлама жіберуді жандандыруы қажет.